

Білім беруді және денсаулық сақтауды
сапамен қамсыздандыру және
аккредиттеудің Еуразиялық орталығының
Аккредиттеу кеңесіне

**СЫРТҚЫ САРАПТАМА КОМИССИЯСЫНЫҢ
«ҚҰРМЕТ БЕЛГІСІ» ОРДЕНДІ ҚАЗАҚ «КӨЗ АУРУЛАРЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ
ИНСТИТУТЫ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІКТІГІНІҢ
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН АККРЕДИТТЕУ
СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІН
ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША
ЕСЕБІ**

Сыртқы сараптамалық бағалау кезеңі: 12.05.-13.05.2021 жыл

Алматы қ., 2021 ж.

МАЗМҰНЫ

	Белгілеулер мен қысқартулар тізімі	3
1.	ССК құрамы	4
2.	ССК қорытынды есебінің жалпы бөлімі	6
2.1	«Құрмет белгісі» орденді Қазақ «Көз аурулары ғылыми-зерттеу институты» ЖШС таныстыру	6
2.2	Алдыңғы аккредиттеу туралы мәліметтер	7
2.3	ҚазКАҒЗИ институционалдық өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру медициналық ұйымдарын институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін талдау	7
3.	Сыртқы сараптамалық бағалау кезеңдерінің сипаттамасы және қорытынды	8
4.	Сыртқы бағалау қорытындылары бойынша ҚазКАҒЗИ аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін талдау және әрбір стандарт бойынша мықты тұстарын шолу	15
5.	ҚазКАҒЗИ институционалдық қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар	28
6.	ЕАО аккредиттеу кеңесіне ұсыныс	28
7.	1-қосымша. АЕО аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі бойынша ҚазКАҒЗИ сыртқы бағалау критерийлері және институционалдық сапа бейіні	29
8.	2-қосымша. ССК мүшелері мамандандырылған аккредиттеу жүргізу шеңберінде зерттеген құжаттардың тізімі	30

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ:

GPA	Таңдалған мамандық бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің деңгейін орташа өлшенген бағалау
ECTS	Еуропалық кредиттерді өзара есептеу жүйесі
PBL	Проблемалық оқыту
TBL	Командалық оқыту
ӘБП	Әкімшілік-басқарушы персонал
БП (О)	Базалық пәндер (оқыту)
МАК	Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы
АҚ және ТЖ	Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар
ММББС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ҒАРД	Ғылым және адам ресурстары департаменті
ЕАО	Білім беру мен денсаулық сақтауды сапамен қамтамасыз ету және аккредиттеудің Еуразиялық орталығы
ҚМА	Қорытынды мемлекеттік аттестаттау
ЖОЖ	Жеке оқу жоспары (резидент)
ҚазКАҒЗИ	Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институты
КВИ	Коронавирустық инфекция
ТБК	Таңдау бойынша компонент
ЭПК	Элективті пәндер каталогы
ҚР ДСМ	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
МББҰ	Медициналық білім беру ұйымы
ОӘК	Оқу-әдістемелік кеңес
АжРТА	Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігі
ҒТП	Ғылыми-техникалық бағдарлама
ҰТЭО	Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы
ҚОЖ	Қазақстанның офтальмологиялық журналы
ББ	Білім беру бағдарламасы
ЖКББ	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі
ОСКЭ	Объективті құрылымдық клиникалық емтихан
АА	Аралық аттестаттау
БП (О)	Бейіндік пәндер (оқыту)
ПОҚ	Профессор-оқытушылар құрамы
ЖОЖ	Жұмыс оқу жоспарлары
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
РӨЖ	Резиденттің өзіндік жұмысы
СО	Симуляциялық орталық
ОБРӨЖ	Оқытушының бақылауындағы резиденттің өзіндік жұмысы
ТОЖ	Үлгілік оқу жоспары
РОЗЖ	Резиденттердің оқу-зерттеу жұмысы
ҒК	Ғылыми кеңес

БАҚ	Біліктілікті арттыру циклдары
-----	-------------------------------

1. Сыртқы сараптама комиссиясының құрамы

АЕО 16.04.2021 жылғы № 14 бұйрығына сәйкес 2021 жылғы 12-13 мамыр аралығында «Офтальмология, оның ішінде балалар» резидентурасының білім беру бағдарламасын аккредиттеу және институционалдық аккредиттеу бойынша келесі құрамдағы сыртқы сараптамалық комиссиясы құрылды:

	Сыртқы сараптама комиссиясының төрағасы ЖАНТЕЛИЕВА ЛЯЗЗАТ АСАНОВНА, м. ғ. д., Басқарма төрағасының ғылыми-зерттеу жұмыстар жөніндегі орынбасары «Б.У.Джарбусынова атындағы Урология ғылыми орталығы» АҚ тел.: +77073762818, e-mail: zhanteliyeva@gmail.com.
	Шетелдік сарапшы ЗАКИРОВА ГУЗЕЛЬ ЗАКИРОВНА, медицина ғылымдарының кандидаты, Қазан мемлекеттік медицина университетінің офтальмология кафедрасының доценті, Татарстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық балалар клиникалық ауруханасының офтальмолог дәрігері тел.: +79372880618, e-mail: guzel-@list.ru
	Ұлттық академиялық сарапшы ЖАНКАЛОВА ЗУЛЬФИЯ МЕЙРХАНОВНА, медицина ғылымдарының докторы, «С. Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ №1 ЖДТ кафедрасының профессоры тел.: 87058112598, e-mail: zulfiya-zhankalo@mail.ru

	Ұлттық академиялық сарапшы (онлайн) СЕМЁНОВА ЮЛИЯ МИХАЙЛОВНА, медицина ғылымдарының кандидаты, «Семей медицина университеті» КЕАҚ неврология, офтальмология және лор кафедрасының меңгерушісі тел.: 87011508293, e-mail: yumsem@mail.ru
	Сарапшы - Жұмыс берушілер өкілі КАЛИБЕКОВА ГУЛЬНАРА ЗАРКЫНБЕКОВНА, PhD докторы, Қоғамдық денсаулық сақтау магистрі, «№10 Қалалық емхана» ШЖҚ МКК бас дәрігерінің орынбасары тел.+7 705 7731875, e-mail: kalibekovaG75@mail.ru
	Сарапшы-резиденттердің өкілі ИМАДИЕВА АЙШОЛПАН, «Офтальмология, оның ішінде балалар» мамандығы бойынша 3 жыл оқыған резидент дәрігер, «Қазақстан-Ресей медициналық университеті» МЕМБМ Тел.: +7 775 4494552, e-mail: aishollpan@mail.ru
	АЕО атынан бақылаушы СӘРСЕНБАЕВА ДАРИЯБАНУ БОЛАТҚЫЗЫ, халықаралық бөлім басшысы «Білім беру мен денсаулық сақтауды сапамен қамтамасыз ету және аккредиттеудің Еуралық орталығы» ҒМ тел.: +77771471726, e-mail: info@escaqa.org

ССК жұмысы ССК туралы ережеге (ЕО бас директорының 2017 жылғы «13» ақпандағы № 4 бұйрығы) сәйкес жүргізілді.

ССК есебінде АЕО жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру медициналық ұйымдарын

институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне ҚазКАҒЗИ институционалдық бағасы, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы ҚазКАҒЗИ білім беру қызметін одан әрі жетілдіру бойынша ССК ұсыныстары қамтылған.

2. ССК қорытынды есебінің жалпы бөлімі

2.1. «Құрмет белгісі» орденді Қазақ «Көз аурулары ғылыми-зерттеу институты» ЖШС таныстыру

Алматы қаласында ҚазКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1933 жылғы 21 қазандағы № 858/29 қаулысымен Алматы көз ауруханасы базасында өлкелік ғылыми-зерттеу практикалық офтальмологиялық институт ұйымдастырылып, кейін атауы «Көз аурулары ғылыми-зерттеу институты» болып өзгертілген.

1983 жылы Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институты «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталды. 2019 жылғы 16 тамызда мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің негізінде ҚазКАҒЗИ мәртебесі ЖШС – [жауапкершілігі шектеулі серіктестік](#) болып өзгертілді.

ҚР солтүстік және Орталық өңірлерінің тұрғындарын жоғары білікті офтальмологиялық қызметтермен қамту мақсатында 2010 жылы Астана қаласындағы теміржол ауруханасы бөлімшесінің базасында ҚазКАҒЗИ филиалы құрылды, ал 2015 жылы филиалдың Нұр-Сұлтан қаласы, Жеңіс даңғылы, 16/1 мекенжайында орналасқан жеке ғимараты бой көтерді. 2018 жылы ҚазКАҒЗИ Шымкент қаласындағы филиалы ашылды, онда қазіргі уақытта функционалдық диагностика кабинеті, күндізгі стационар, тәулік бойы жұмыс істейтін стационар, ақылы бөлімше жұмыс жасайды. 2014 жылы КА ҚазҒЗИ ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі мен медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің аккредиттеуінен сәтті өтті ([аккредиттеу туралы куәлік №KZ44VEG00001428 күні 2.12.2014 ж.](#)) [2020 жылы ҚазКАҒЗИ ҚР БҒМ ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде қайта аккредиттелді \(25.06.2020 ж. МК№006191 сериясы\)](#)

2013 жылғы 02 мамырда ҚазКА ҒЗИ АҚ №7/1 л/с-н бұйрығымен жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі ашылды, ол 2014 жылғы 15 желтоқсанда (ҚазКАҒЗИ Қ №219-п бұйрығы) негізгі міндеттері резидентура және біліктілікті арттыру циклдары тыңдаушыларын оқыту болып табылатын жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі болып қайта құрылды. ҚазКАҒЗИ резиденттерді даярлау «Офтальмология, оның ішінде балалар» [мамандығы бойынша білім беру қызметімен айналысуға мемлекеттік білім беру тапсырысы](#) бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2011 жылғы «06»мамырдағы №0142684 мемлекеттік лицензиясына сәйкес жүзеге асырылады. Қазіргі таңда [2019 жылғы 13 қыркүйектегі № KZ33LAA00016970 лицензиясына сәйкес жүргізіледі](#). 2015 жылы ҚазКАҒЗИ кредиттік оқыту технологиясы енгізілді.

Институтта бірнеше ондаған жылдар бойы қалыптасқан офтальмологиялық мектеп Қазақстан Республикасындағы жетекші мектеп болып табылады. Өзінің негізі қаланғаннан бастап, ҚазКАҒЗИ қызметінің басым бағыттарының бірі офтальмологтардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау болды. Соңғы 5 жылда ғана ҚазКАҒЗИ базасында резидентура шеңберінде [68 офтальмолог дайындалды, 632 офтальмолог және 333 орта медицина қызметкері біліктілігкті арттыру курсынан өтті](#). Резидентура түлектерінің оқу сапасы және қажеттілігі олардың жұмысқа орналасуының жоғары деңгейімен анықталады (100%).

ҚазКАҒЗИ ЖШС 34 оқытушы жұмыс жасайды, оның ішінде 8 ғылым докторы, 4 профессор, 17 ғылым кандидаты, 1 PhD докторы, бар бұл оқытушылардың штат санының 76,5% құрайды.

Оқу процесінде 1 интерактивті жүйе, интернет желісіне қосыла алатын 6 заманауи компьютер қолданылады, симуляциялық кабинет бар. Кітапхананың жалпы қорында 9407 дананы құрайды, оның ішінде 5323– бейіндік әдебиет: бұл кітаптар, диссертациялар, авторефераттар, мерзімді басылымдар болып табылады, электрондық ақпараттық ресурстарға қолжетімділік қамтамасыз етілген.

КА ҚазҒЗИ «Жалпы генетика және цитология институты» ШЖҚ РМК, «Қазақстан-Ресей медициналық университеті» МЕББМ, «С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» және ҚР ДСМ «Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы» РМҚК, сондай-ақ Білім және ғылым саласындағы жақын және алыс шетелдердің ғылыми-зерттеу ұйымдарымен ұзақ мерзімді екіжақты серіктестік туралы келісімдер жасасқан.

«Офтальмология, оның ішінде балалар» мамандығы бойынша резиденттерді оқытудың негізгі міндеті әртүрлі офтальмопатология саласында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру болып табылады.

Осылайша, ҚазКАҒЗИ отандық және шетелдік ғалымдарды кеңінен қатыстыра отырып және ғылыми әлеуетті тұрақты түрде арттыра отырып, медициналық білім берудің Құзыретті-бағдарланған моделін іске асыру арқылы офтальмология саласындағы бәсекеге қабілетті денсаулық сақтау мамандарын көп деңгейлі даярлау бойынша инновациялық-бағдарланған және әлеуметтік-жауапты ғылыми орталық, Қазақстан Республикасында көшбасшы болып табылады.

2.2 Алдыңғы аккредиттеу туралы мәліметтер

2016 жылы ҚазКАҒЗИ Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз Қазақстандық агенттікте мамандандырылған ([SАН№001 кyuәлігі](#)) аккредиттеуден өткен.

2.3 ҚазКАҒЗИ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне институционалдық өзін-өзі бағалау жөніндегі есепті талдау

ҚазКАҒЗИ институционалдық аккредиттеуге дайындық [2021 жылғы 28 қаңтардағы № 59-п бұйрығының](#) («ЖШС институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуден өту үшін басқарушы комитет және жұмыс топтарын құру туралы») негізінде жүргізілді.

Білім беру бағдарламасының өзін-өзі бағалау есебі негізгі 83 беттік мәтін түрінде берілген, оның ішінде қосымшалар жоқ, құжаттардың электрондық нұсқалары Google Disk 41 сілтемесі бойынша ұсынылған.

Есеп 9 аккредиттеу стандарттарының критерийлеріне жауаптармен, ЕАО өзін-өзі бағалау жөніндегі нұсқаулығының ұсыныстарын ескеріп құрылымдалуы, сондай-ақ ақпараттың ішкі бірлігімен ерекшеленеді. Есепке қосымша ҚазКАҒЗИ Бас директоры Н.А.Алдашеваның қолтаңбасы қойылған, есепте қамтылған ақпарат пен деректердің дұрыстығын растайтын қосымша хат ұсынылады.

Есепте білім беру бағдарламаларын өзін-өзі бағалау үшін жауапты ҚазКАҒЗИ өкілі - жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің меңгерушісі А.Б. Дошаканова туралы мәліметтер қамтылған.

м.ғ. д. Н.А. Алдашеваның жетекшілік етуімен оқудың 1-3 жылдарындағы 8 -резидентті қоса алғанда, 28 адамнан құралған жұмыс тобы өзін-өзі бағалау жөніндегі есепті дайындау бойынша жұмыс жасап: аккредиттелетін білім беру бағдарламасының мазмұндық бөлігі, оны іске асыру шарттары, штаттар, білім беру ресурстары, 2016 жылы алдыңғы аккредиттелген күннен бастап даму динамикасына талдау жасады, АЕО медициналық білім беру ұйымдарының жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (резидентура мамандығы) бағдарламаларын аккредиттеу стандарттарына (бұдан әрі мәтін бойынша - аккредиттеу стандарттары) сәйкес қажетті мәліметтер жинады; әдістемелік және оқу материалдарына мұқият талдау, жаңарту және толықтыруды жүзеге асырды, олардың мазмұны есепте көрсетілген. Өзін-өзі бағалау есебінің мазмұны ЕАО аккредиттеу стандарттарына сәйкес құрылымдалған және мұнда 9 стандарттың әрқайсысы бойынша жақсарту бағыттарының сипаттамасы қамтылған.

Барлық стандарттарда білім алушыларды қабылдау 2018 жылы басталғанын ескеріп, «Офтальмология, оның ішінде балалар» мамандығы бойынша резиденттерді даярлау бойынша ҚазКАҒЗИ нақты тәжірибесі, дәлелді деректер, білім беру бағдарламасының міндеттерін

орындау, ұлттық және халықаралық іс-шаралар, аккредиттеу стандарттарының талаптарының сақталуын растайтын әдістемелік қолдау мысалдары берілген. Өзін-өзі бағалау есебіндегі сипаттама резиденттердің, оқытушылардың, әкімшіліктің саны, іріктеу және қабылдау туралы мәліметтер, оқыту қорытындылары, білім мен дағдыларды бағалау нәтижелері, университеттің материалдық-техникалық базасы және клиникалық базалар, серіктестермен шарттық міндеттемелер (ЖОО, қауымдастықтар, базалар), қаржылық ақпарат, даму жоспарлары және жетілдіру және т. б.

Аккредиттеудің 9 стандартының әрқайсысы бойынша қорытынды өзін-өзі талдау барысында айқындалған және осы мамандық бойынша даму перспективалары жақсартылатын күшті жақтар мен салалардың сипаттамасын қамтиды.

Осылайша, ҚазКАҒЗИ Резидентурасының аккредиттелетін білім беру бағдарламасының өзін-өзі бағалау есебі ЕО аккредиттеу стандарттарына сәйкес барлық қызмет түрлері бойынша объективті, жан-жақты, құрылымдалған ақпаратты қамтиды, ал университет рецензиялау кезеңінде есепте тиісті түзетулер жүргізді.

3. Сыртқы сараптамалық бағалаудың сипаттамасы

ҚазКАҒЗИ институционалдық бағалау бойынша сыртқы сараптамалық жұмыс АЕО білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларына сыртқы бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулығына сәйкес («Еуразиялық білім беру және денсаулық сақтау сапасын аккредиттеу және қамтамасыз ету орталығы» ҒМ бас директорының 17.02.2017 ж. №5 бұйрығымен бекітілген) және 02.05.2021 ж. АЕО бас директоры С. С. Сәрсенбаева бекіткен және келісілген бас директор Н.А.Алдашева келіскен бағдарлама мен кестеге сәйкес ұйымдастырылды.

Аккредиттелетін ұйымның сараптамалық бағасы бойынша объективті ақпарат алу үшін СК мүшелері келесі әдістерді пайдаланды: басшылықпен және әкімшілік қызметкерлермен пікірлесу, резиденттермен сұхбат, бақылау, веб-сайтты зерттеу, әртүрлі құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерімен, оқытушылармен сұхбаттасу, оқытушылар мен резиденттермен сауалнама жүргізу, аккредиттеу стандарттарын орындау контекстіндегі ресурстарға шолу, ҚазКАҒЗИ келгенге дейін де, сол жерге барғанда да нормативтік және оқу-әдістемелік құжаттарды зерттеу.

ҚазКАҒЗИ ұжымы тарапынан келу бағдарламасында және сұхбат учаскелерінің тізімдері бойынша көрсетілген барлық адамдардың қатысуы қамтамасыз етілді (1-кесте).

1-кесте-ССК мүшелерімен кездесулерге, сұхбаттарға, әнгімелесулерге қатысушылардың саны мен санаты туралы мәліметтер

Т. А. Ә.	Лауазымы
Білім алушылар	
Асан Елнұр Мырзақәрімұлы	резидент
Асан Әбілқайыр Мырзақәрімұлы	Резидент
Расулиева Меруерт Канатқызы	резидент
Берікбай Гүлзат Талғатқызы	резидент
Султанбаева Жансая Темирболатовна	резидент
Шайкенова Асия Дулатовна	резидент
Әшімов Алмаз Жанболатұлы	резидент
Русланұлы Кайрат	резидент
Резидентура түлектері	
Канатбекова Асель Канатбековна	түлек
Шубина Анна Шубина Анна	түлек
Мухамбетова (Казангапова) Алия	түлек
Асаинова Макпал	түлек

	Тукешев Куаныш	түлек
	Калшабеков Алиби	түлек
	Малярова Оксана	түлек
	Жұмыс берушілер	
	Досжанова Б.С.	Жамбыл облыстық офтальмологиялық орталығының бас дәрігері
	Мусатаева А.А.	«Меди-Сервис» Ассистанс компани ЖШС бас дәрігері
	Юн О.Л.	«Т.К. Ботабекова офтальмологиялық орталығының» бас дәрігері
	Шубаева А.Т. Шубаева А.Т.	. «Алматы көпсалалы клиникалық ауруханасы» ШЖҚ МКК бөлім меңгеушісі
	Мағзумова Д.	Біліктілікті арттырудан өткендер
	Габдулгазизова С.	Біліктілікті арттырудан өткендер
	Тлеубаев К.А.	Біліктілікті арттырудан өткендер
	Иргайбаева Г.А.	Біліктілікті арттырудан өткендер
	Раджапова Э.	Біліктілікті арттырудан өткендер
	Профессор-оқытушылар құрамы	
	Степанова И.С.	м. ғ. д., ОПО аға оқытушысы
	Булгакова А.А.	м. ғ. к., ОПО оқытушысы
	Аубакирова А.С.	м.ғ. к., меңгерушісі.бөлім
	Исергепова Б.И.	м.ғ. к., бас директорың ғылым жөніндегі орынбасары

2021 жылғы 12-13.05 аралығындағы сапарды жүзеге асыру реттілігі аккредиттеу орталығының құжаттамасында және аталған есептің қосымшасында берілген бару бағдарламасында толық түрде ұсынылған.

4 оқытушы, 15 резиденттен, оның 8 оқуды жалғастыруда, 7 резидентура түлектері, 5-біліктілігін арттырудан өткен курсанттарға 4 жұмыс берушіден (практикалық денсаулық сақтау өкілдері) сұхбат алынды. ҚазКАҒЗИ жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру саласындағы тәжірибесі мен беделі Қазақстанның барлық өңірлеріндегі медициналық ұйымдардың түлектердің және үздіксіз кәсіптік дамудың (ҮКД) білім беру бағдарламаларының қажеттілігін көрсетеді.

Резидентура бағдарламасының провайдерлері ретінде оқытушылармен сұхбат білім беру бағдарламасын басқаруда жетістіктермен қатар, мәселелер де бар екенін көрсетті, себебі, бағдарламалар мен оқу-әдістемелік құжаттаманың негізгі әзірлеушісі жоғары оқу орнынан **кейінгі білім бөлімі** болып табылады, ал оқытушылар резиденттерді практикалық даярлауға және тәлімгерлікке көбірек қатысады. 5-стандарттың деректерін растау мақсатында сыртқы сарапшылар кадрлық саясат және оқытушылардың педагогикалық құзыретін дамыту тәсілдері, резиденттермен жұмыс істеуге уәждеме, тәлімгерлікті жүзеге асыру туралы пікірлерді жинақтады. Сарапшылар оқытушылар резиденттерге арналған ҒЗЖ тақырыптарын бастайтынын, қосымша оқыту мен әдебиетпен, медициналық құжаттамамен өз бетінше жұмыс істеу қажеттілігін ынталандыратынын анықтады.

Өзін-өзі бағалау туралы есеп деректерінің орындалуын тексеру және бағдарламалардың сапасы туралы дәлелдер алу мақсатында zoom платформасында 8 резидентпен сұхбат жүргізілді. Сарапшылармен ҰҒХО білім алуға қанағаттану, пациенттерге жетекшілік ету үшін уақыттың жеткіліктілігі, Дамумедте медициналық құжаттамамен жұмыс жасау,

оқытушылардың оқыту әдістері мен біліктілігіне қанағаттану, осы резиденттерге мұқтаж адамдарды әлеуметтік және моральдық қолдау, «журнал клубтарына» қатысу, кәсіптік әдебиеттердің халықаралық дерекқорлары ресурсына қолжетімділік туралы сұрақтар қойылды. Жалпы, резиденттер оқытуға, бағалау әдістеріне қанағаттанып, осы ұйымға мақсатты түрде түсті, өйткені олар ҚазКАҒЗИ жақсы білім беру ресурстары, беделі және халықаралық қатынастары бар деген пікірде, сонымен қатар, резиденттер емделушілерді басқаруда, халықаралық іс-шараларды өткізуде көбірек дербестікті қалайды.

Резиденттер білім беру ұйымына өз міндеттемелерін көрсетті, сыртқы сарапшылардың сұрақтарына жауап беруде белсенді болды, оқытуды ұйымдастыру, олардың дағдыларын бағалау, консультациялық қолдау, ҒЗЖ- қатысу мүмкіндігі, қаржыландыру бойынша өз пайымдауларын көрсетті, шетелдік сарапшы м. ғ. к., доцент Г. Закированың сұрақтарына жауап беру барысында ағылшын тілін меңгергендігін көрсетті. Сарапшылар резиденттердің құжаттарын (портфолио, резиденттерді бағалау нәтижелері-чек-парақтар, резиденттерге сауалнама жүргізу нәтижелері) қарастырды.

ҚазКАҒЗИ түлектерінің 4 жұмыс берушісімен сұхбат он-лайн нысанда өткізілді және: ұйымның миссиясын білу, стратегиялық жоспарға миссия мен ұсыныстарды әзірлеуге қатысу, ҚазКАҒЗИ кеңесші органдарының жұмысына қатысу, резиденттердің базалық білімі мен дағдыларына қанағаттану, тәлімгерлік арқылы резиденттерді оқытуға қатысу, кафедра мен резиденттерді практикалық мақсатта қажетті ресурстармен қамтамасыз ету, оқыту және клиникалық ойлауды қалыптастыру, кафедрамен және жалпы жоғары оқу орындарымен өзара әрекеттестік, резидентура түлектерін 100% жұмысқа орналастыру және т. б. мәселелерді қамтыды.

Ресурстарға шолу сыртқы сапар барысында шолуға қолжетімді ҚазКАҒЗИ (негізгі институт және емхана) клиникалық базасы сәйкес білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетінін көрсетті, мұнда 281 кереует орындары бар, оның ішінде Алматы қаласында-193, Нұр-Сұлтан қаласында-77 және Шымкент қаласында – 11 тақырыптық емделушілер санының жеткіліктілігі, заманауи құрылғылар, симуляциялық кабинет, және білім алушыларға қолжетімділікті көрсетеді, ал оқытушылар мен кураторлардың (тәлімгерлердің) рөлдерін бір мезгілде атқаратын қызметкерлер әдеп мен деонтологияны сақтай отырып, сапалы оқытуды қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламасының сәйкес пәнін бастаудың алдында, резидент оқытушыдан силлабус алады және оқу кезінде қандай дағдыларды игеріп, дамыту қажеттігін біледі.

Сарапшылар [Google disk_ / сілтемесі бойынша_30](#) білім беру бағдарламасы бойынша құжаттаманы зерделеді, ол аккредиттеу стандарттарының, оның ішінде [30](#) резиденттердің оқытушылары мен тәлімгерлері туралы құжаттама және ССК мүшелерінің сұранысы бойынша сәйкестігін растады.

Әрі қарай, сыртқы бағалау қорытындысы бойынша ССК мүшелерінің кеңесі өтті. Сыртқы бағалау қорытындылары, құжаттарды зерттеу, пікірлесу, сұхбат, сауалнама нәтижелері бойынша қорытынды талқылау өткізілді. ССК мүшелері ССК қорытынды есебін жобалауға кірісті.

ССК мүшелерінің кеңесі өткізілді. ССК мүшелері сыртқы бағалау нәтижелерін қорытындылады. Сарапшылар «Сапаның институционалдық бейіні және ЕО аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін ҚазКАҒЗИ сыртқы бағалау критерийлерін» дербес толтырылды. ССК мүшелері тарапынан қандай да бір ескертулер жасалған жоқ. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секторын жақсарту бойынша ұсыныстар талқыланды. Ұсыныстары бар есеп жобасы әзірленді.

ССК төрағасы м. ғ. д. Л.А. Жантеева ҚазКАҒЗИ институционалдық қызметін жақсарту жөніндегі ұсынымдар бойынша қорытынды ашық дауыс беру және АЕО Аккредиттеу Кеңесіне арналған ұсыныстар бойынша қорытынды дауыс беру өткізілді. Содан кейін ССК төрағасы ұйымның басшылығы мен қызметкерлері үшін институционалдық аккредиттеу жүргізу шеңберінде сыртқы бағалау қорытындылары бойынша ұсыныстарды жария етті.

Сауалнама нәтижелері.

2021 жылғы 10-12 мамыр аралығында ЕАА бақылаушысы резиденттер мен оқытушыларына арнап <https://webanketa.com/>ресурында онлайн сауалнама жүргізді.

Резиденттердің сауалнамасының қорытындысы:

Жауап берген резиденттердің жалпы саны – 13. Оның 7,7% - оқытудың 1 жылында, 15,4%- оқытудың 2 жылында, 77% - оқытудың 3 жылындағы резиденттері болып табылады.

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес аталған институтты білім беру ұйымы ретінде ұсынуға– 92,31% толық, 7,69% - ішінара келіседі. Бағдарлама жетекшілері мен оқытушылар оқытумен байланысты мәселелерді білетіндігіне – 92,3% толық, 7,69% ішінара келіседі.

Оқу бөлмелерінің, осы білім беру ұйымының аудиторияларының жағдайлары мен жабдықталуына резиденттердің 84,62% – толық, 7,69% - ішінара қанағаттанған, сонымен қатар, 7,69% толық қанағаттанбайынын айтқан. Оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етумен 61,54% толық, 30,77% ішінара қанағаттанған болса, 7,7% жауап бермеді. Оқытушылар резиденттерді әдістемелік және дидактикалық материалдармен, сабаққа дайындалу үшін қосымша әдебиеттермен қамтамасыз етеді деген сауалға 92,31% толық келісетінін айтып жауап берген.

Респонденттердің үштен бірінен астамы (38,46%) оқытушының басшылығымен ҒЗЖ - мен айналысады, 23,1% ҒЗЖ орындауды жоспарлауға кіріскен, бұл жағдайда 7,69% ҒЗЖ тақырыбын әлі анықтамаған немесе оқытушы резидентке ғылыммен айналысуды ұсынбаған, сондай-ақ резиденттердің 15,38% -ҒЗЖ айналысуға ниеті жоқ.

КА ҚазҒЗИ кітапхана қорына (61,54%) толық және (30,77%) ішінара қанағаттанады. Сауалнамаға қатысқандардың барлығы оқытуды ұйымдастыру деңгейіне қанағаттанады (практикалық оқытуға жұмсалатын уақыт мөлшері, семинарлар өтетін орын, семинарлар тақырыптары). Респонденттердің 100% пікіріне сәйкес практикалық оқыту үшін жеткілікті уақыт бар (емделушілерді курациялау, клиникалық айналымдар, клиникалық талдаулар, отаға көмек көрсету). 92% астамы білім беру бағдарламасының пәндері бойынша оқу сабақтарының кестесін ұйымдастыруға көңілдері толады. Оқытушылар сабақтарда оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін жиі қолданады деген сауалға 92,3% мақұлдап жауап қайтарған. Респонденттердің 84,6% астамы оқытушылар үнемі кері байланыс жасайды (сіздің пікіріңізді тыңдайды, шағын сауалнама жүргізеді, қателіктермен жұмыс істейді) деп жауап берді.

Жауаптар бойынша резиденттердің 53,85% аптасына бір рет семинар өткізетіні анықталды. Ал жауап берушілердің екінші бөлігі (46,15%) семинарлар аптасына 2-3 рет өткізіледі деп жауап берді.

Резиденттер 100% аталған білім беру ұйымы резиденттер таңдаған мамандық бойынша қажетті білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік беретініне сенімді. 92% астамы клиникалық оқытуды үздік деп сипаттайды.

Білім беру ұйымының оқытушысы (тәлімгері, кураторы) резиденттер үшін үлгі болып табылады деген пікірмен сауалнамаға қатысушылар 100% толық келіскен.

Сауалнамаға қатысқандардың 100% оларға ота барысында курация немесе көмек көрсету үшін жеткілікті еделушілер беріледі деген пікірде.

Респонденттердің көпшілігі (76,92%) білім беру мекемесі мен білім беру бағдарламаларын аккредиттеу резидентурада білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды және қажетті тетігі деп санайды, қалғандары сапаны қамтамасыз етудің неғұрлым маңызды механизмдері бар деп есептейді немесе жауаптарына күмәндары бар.

Сыртқы сараптама комиссиясы қолданатын барлық құралдар респонденттердің пікірінше маңызды болып табылады және офтальмология бойынша білім беру бағдарламасын сапалы іске асыру үшін тиісті жағдайлар туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Қорытындылар: резиденттердің жауаптарынан институтты толық қолдайтынын және оқыту ресурстары мен әдістеріне қанағаттанатынын байқауға болады. Сонымен қатар, КА ҚазҒЗИ жақсарту саласы, атап айтқанда, резиденттердің ғылыми жұмыс жүргізуі,

практикалық және семинар сабақтарының қорытындысы бойынша резиденттермен кері байланысты күшейту, офтальмология бойынша резидентура бағдарламасы аясында институттың кітапхана қорын жақсарту бағыттары анықталды.

КА ҚазҒЗИ оқытушыларының сауалнамасының нәтижелері

Сыртқы бағалау бағдарламасын орындау шеңберінде АЕО бақылаушысы 12 мамырда білім беру процесін ұйымдастыруға оқытушылардың көзқарасы туралы қорытынды жасауға және орын алған мәселелерді анықтауға мүмкіндік беретін 22 сұрақтан құралған бланкілік сауалнама жүргізді.

Тізім бойынша оқытушылардың жалпы саны – 21. Жауап бергендердің жалпы саны – 21, оның ішінде 5 жылға дейінгі өтілі бар – 4,8%, 10 жылға дейін – 28,6%, 10 жылдан артық – 66,7% құрады.

Білім беру үдерісін ұйымдастыруға 85,7% толық, 9,5% ішінара қанағаттанады, жауап бермеген – 4,8% (1 адам). ҚазКАҒЗИ этика және субординция сақталады деген тұжырымға 100% толық келіседі. Еңбек пен жұмыс орнын ұйымдастыруға Респонденттердің 95,2% толық, 4,8% - ішінара қанағаттанады. Ұйымда оқытушыларға мансаптық өсу және құзыреттілікті дамыту мүмкіндігі бар деген пікірге – 95,2% толық, 4,8% ішінара келіседі.

Аталған білім беру ұйымында оқытушылар ғылыми жұмыстармен айналысуға және ҒЗЖ нәтижелерін жариялауға мүмкіндік бар екеніне – 100% толық келіседі. Жалақыға -76,2% қанағаттанады, 19% қанағаттанбайды.

Кадр қызметінің жұмысына сауалнамаға қатысқандардың 76,2% толық қанағаттанса, ішінара – 9,5%, жауап бермегендер -14,3% болды.

Респонденттердің үштен бірі – 28,6% соңғы жыл ішінде біліктілігін арттырудан өткен, 3 жыл бұрын-57,1% және 5 жыл бұрын – 9,5%, алайда 1 адам өзінің біліктілігін қашан арттырғаны есінде жоқ деп жауап берген (4,8%).

Ұжымдағы микроклиматты респонденттердің 95,2% қанағаттанарлық деп есептейді. 95% астамы кәсіпқойлар ретінде жүзеге асырылуы мүмкін екендігімен толық, ал 4,8% ішінара келіседі.

Атлған білім беру ұйымының білім алушылары оқу бағдарламасын аяқтағаннан кейін жоғары білім мен практикалық дағдыларын меңгеретініне -95,2% толық, ішінара – 4,8% келіседі.

Сауалнамаға қатысқандардың 100% ұйымдағы білім беру процесін қамтамасыз ету үшін әдістемелік және дидактикалық материалдарды, кеңсе техникасын, кеңсе тауарларын сатып алуға өтінімдерді уақтылы берілетініне келіседі. Білім беру ұйымы конференцияларға (халықаралық, республикалық) қатысу: жол ақысы, іссапар, тіркеу жарнасы түрінде қолдайды деген пікірді 66% астам ұстанса, 4,8% бұл мәселе бойынша басшылыққа жүгінбеген, бұл жағдайда 33,3% жауап бермеді.

Сауалнамаға қатысқандардың барлығы (100%) резиденттердің емделушілер және институттың ресурстарына еркін қол жеткізе алатындығымен толық келіседі. Практикалық сабақта оқытушылар білім алушыларды бірінші кезекте силлабустармен (76,2%), бақылау-өлшеу құралдарымен (71,4%), монографиялармен (33,3%), оқу журналымен (71,4%), кейстермен (14,3%) қамтамасыз етіледі.

Оқу бағдарламаларына түсу кезінде резиденттердің алдыңғы даярлық деңгейі жауап бергендердің 23,8% толық қанағаттандырады, 57,1% ішінара қанағаттанады, сонымен қатар, бұл пікірмен 9,5% - толық келіспейді, 9,5% - жауап бермеді.

Оқытушыларды қолдаудың әлеуметтік бағдарламаларын іске асыру тұрғысынан 71,4% осындай бағдарламалардың бар екенін біледі, бұл жағдайда, сауалнамаға қатысқандардың 19% - жауапқа күмәнданады және бұл туралы білмейді, Сауалнамаға қатысқандардың 81% жуығы ұйым басшылығы білім беру процесі, ҒЗЖ, клиникалық жұмыс бойынша сұрақтарға қатысты оқытушыларды тыңдайтынын атап көрсетсе, 4,8% -кейде жауап нұсқасын таңдап, сұраққа 14,3% жауап бермеген.

Резиденттерді оқытуда оқытудың әртүрлі әдістері қолданылады, алайда, басым түрде ситуациялық тапсырмаларды талдау (90,5%), ауызша сауалнамалар және тақырыпты талдау (сәйкесінше 90,5% және 95,2%), шағын топтарда жұмыс жасау (57,1%), тестілерді талдау (85,7%), интерактивті оқыту (81%), мәселеге бағдарланған оқыту (52,4%). Сонымен қатар, дәрістер әлі де оқылады (33%), бірақ бұл резиденттура бағдарламасында қарастырылмаған.

Сауалнамаға қатысушылардың 95,2% пікіріне сәйкес, бұл сауалнама университетті және магистратураның білім беру бағдарламаларын жақсарту бойынша ұсыныстарды әзірлеу үшін пайдалы болады, бұл пікірмен 4,8% тек ішінара келіседі.

Қорытындылар: сауалнама ұйымдағы салауатты микроклиматтың болуын, сондай-ақ сауалнамаға қатысқан оқытушылардың көпшілігінің білім беру процесін ұйымдастыруға, басшылықтың институт оқытушыларына деген көзқарасына қанағаттанатынын көрсетті, алайда респонденттер резиденттура бағдарламасына түсу үшін үміткерлерді даярлаудың алдыңғы деңгейіне толығымен қанағаттанбайды. Сонымен қатар, жақсарту бағыттары: педагогика мәселелері, резиденттурада оқыту әдістері бойынша оқытушылардың біліктілігін арттыру анықталды.. АЕО бақылаушысы 12.05.2021 ж. резиденттерге <https://webanketa.com/> ресурста онлайн сауалнама жүргізді.

Резиденттердің сауалнамасының қорытындысы:

Жауап берген резиденттердің жалпы саны – 13. Оның 7,7% - оқытудың 1 жылында, 15,4%-оқытудың 2 жылында, 77% - оқытудың 3 жылындағы резиденттер болып табылады.

Сауалнама нәтижелері бойынша аталған институтты білім беру ұйымы ретінде ұсынатын болады деген пікірмен толық – 92,31%, ішінара-7,69% келіседі. Бағдарлама жетекшілері мен оқытушылар оқытумен байланысты мәселелер туралы білемін деген пікірмен толық – 92,3%, ішінара 7,69% келіседі.

Оқу бөлмелерінің, осы білім беру ұйымының аудиторияларының жағдайлары мен жабдықталуына резиденттердің 84,62% –толық, 7,69% - ішінара қанағаттанған, сонымен қатар, 7,69% толық қанағаттанбаған. Оқу әдебиетін қамтамасыз етумен толық – 61,54%, ішінара – 30,77% қанағаттанған, бұл жағдайда 7,7% жауап бермеді. Оқытушылар резиденттерді әдістемелік және дидактикалық материалдармен, сабаққа дайындалу үшін қосымша әдебиеттермен қамтамасыз етеді деген тұжырыммен 92,31% келісті.

Респонденттердің үштен бірінен астамы (38,46%) оқытушының басшылығымен ҒЗЖ - мен айналысады, 23,1% -ҒЗЖ орындауды жоспарлауға енді кірісті, алайда 7,69% - ҒЗЖ тақырыбын анықтамағанын немесе оқытушы резидентке ғылыммен айналысуды ұсынбағанын айтқан, сондай-ақ, резиденттердің 15,38% ҒЗЖ айналысуға ниеті жоқ.

КА ҚазҒЗИ кітапхана қоры қатысушыларды толық (61,54%) және ішінара (30,77%) қанағаттандырды. Сауалнамаға қатысқандардың барлығы оқытуды ұйымдастырумен қанағаттандырылады (практикалық оқытуға кететін уақыт мөлшері, семинарлар өтетін орын, семинарлар тақырыптары). Респонденттердің 100% пікіріне сәйкес практикалық оқыту үшін жеткілікті уақыт бар (емделушілерді курациялау, клиникалық айналымдар, клиникалық талдаулар, операцияларға көмек көрсету). 92% астамы білім беру бағдарламасының пәндері бойынша оқу сабақтарының кестесін ұйымдастырады. Оқытушылар сабақтарда оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін жиі қолданады деген тұжырымды 92,3% мақұлдады. Респонденттердің 84,6% астамы оқытушылар үнемі кері байланыс жасайды (сіздің пікіріңізді тыңдайды, шағын сауалнама жүргізеді, қателіктермен жұмыс істейді) деп жауап берді.

Респонденттердің 53,85% жауаптары бойынша аптасына бір рет семинар өткізілетіні анықталды. Ал жауап берушілердің екінші бөлігі (46,15%) семинарлар аптасына 2-3 рет өткізіледі деп жауап берді.

Резиденттердің 100% аталған білім беру ұйымы резиденттер таңдаған мамандық бойынша қажетті білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік беретініне сенімді. 92% астамы клиникалық оқытуды үздік деп есептейді.

Осы білім беру ұйымының оқытушысы (тәлімгері, кураторы) резиденттер үшін үлгі болып табылады деген тұжырыммен олар 100% толық келісетіндерін көрсеткен.

Сауалнамаға қатысқандардың 100% оларға ота барысында курация немесе көмек көрсету үшін жеткілікті пациенттер беріледі деп санайды.

Респонденттердің басым бөлігі (76,92%) білім беру мекемесі мен білім беру бағдарламаларын аккредиттеу резидентурада білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды және қажетті тетігі деп санайды, қалғандары сапаны қамтамасыз етудің неғұрлым маңызды механизмдері бар деп есептейді немесе жауапқа күмәнданады.

Сыртқы сараптама комиссиясы қолданатын барлық құралдар респонденттердің пікірінше маңызды және білім беру процесінің сапасы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Қорытындылар: резиденттердің жауаптары институтты толық қолдайтынын және оқыту ресурстары мен әдістеріне қанағаттанатынын көрсетеді. Сонымен қатар, КА ҚазҒЗИ жақсарту салалары, атап айтқанда, резиденттердің ғылыми жұмыс жүргізуі, практикалық және семинар сабақтарының қорытындысы бойынша резиденттермен кері байланысты күшейту, офтальмология бойынша резидентура бағдарламасы аясында институттың кітапхана қорын жақсарту анықталды.

КА ҚазҒЗИ оқытушыларының сауалнамасының нәтижелері

Сыртқы бағалау бағдарламасын орындау шеңберінде АЕО бақылаушысы 12 мамырда білім беру процесін ұйымдастыруға оқытушылардың көзқарасы туралы қорытынды жасауға және орын алған мәселелерді анықтауға мүмкіндік беретін 22 сұрақтан құралған бланкілік сауалнама жүргізді.

Тізім бойынша оқытушылардың жалпы саны – 21. Жауап бергендердің жалпы саны – 21, оның ішінде 5 жылға дейінгі өтілі бар – 4,8%, 10 жылға дейін – 28,6%, 10 жылдан артық – 66,7%.

Білім беру үдерісін ұйымдастыруға толық 85,7%, ішінара – 9,5% қанағаттанды, жауап бермеген – 4,8% (1 адам). ҚазҒЗИ этика және субординация сақталады деген пікірге 100% толық келіседі. Еңбек пен жұмыс орнын ұйымдастыруға респонденттердің 95,2% толық, 4,8% ішінара қанағаттанады. Ұйымда оқытушыларға мансаптық өсу және құзыреттілікті дамыту мүмкіндігі бар деген пікірмен толық – 95,2%, ішінара-4,8% келіседі.

Аталған білім беру ұйымында оқытушылар ғылыми жұмыстармен айналысуға және ҒЗЖ нәтижелерін жариялауға мүмкіндік бар деген пікірмен – 100% толық келіседі. Жалақыға 76,2% қанағаттанады, 19% қанағаттанбайды.

Кадр қызметінің жұмысына сауалнамаға қатысқандардың 76,2% толық қанағаттанады, ішінара – 9,5%, жауап бермегендер-14,3%.

Респонденттердің үштен бірі – 28,6%, соңғы жыл ішінде біліктілігін арттырудан өткен, 3 жыл бұрын-57,1% және 5 жыл бұрын – 9,5% өткен, 1 адам өзінің біліктілігін қашан арттырғаны есінде жоқ деп жауап берді (4,8%).

Ұжымдағы микроклиматты респонденттердің 95,2% қанағаттанарлық деп есептейді. 95% астамы кәсіпқой ретінде өзін көрсету мүмкіндігімен толық, ал 4,8% - ішінара келіседі.

Осы білім беру ұйымының білім алушылары оқу бағдарламасын аяқтағаннан кейін жоғары білім мен практикалық дағдыларды меңгеретініне толық -95,2%, ішінара – 4,8% келіседі.

Сауалнамаға қатысқандардың 100% ұйымдағы білім беру процесін қамтамасыз ету үшін әдістемелік және дидактикалық материалдарды, кеңсе техникасын, кеңсе тауарларын сатып алуға өтінімдер уақтылы беріледі деп есептейді. Білім беру ұйымы конференцияларға (халықаралық, республикалық) қатысуды: жол ақысы, іссапар, тіркеу жарнасы арқылы қолдайды деген пікірді 66% астам білдірген, ал 4,8% бұл мәселе бойынша басшылыққа жүгінбеген, сонымен бірге 33,3% жауап бермеді.

Сауалнамаға қатысқандардың барлығы (100%) резиденттердің емделушілерге және институттың ресурстарына еркін қол жеткізе алатындығымен толық келіседі. Практикалық сабақта оқытушылар білім алушыларды бірінші кезекте силлабустармен (76,2%), бақылау-

өлшеу құралдарымен (71,4%), монографиялармен (33,3%), оқу журналымен (71,4%), кейстермен (14,3%) қамтамасыз етеді.

Оқу бағдарламаларына түсу кезінде резиденттердің алдыңғы даярлық деңгейі жауап бергендердің 23,8% толық қанағаттандырады, ішінара-57,1%, сонымен бірге 9,5% - оған толық келіспейді, 9,5% жауап бермеді.

Оқытушыларды қолдаудың әлеуметтік бағдарламаларын іске асыру тұрғысынан 71,4% олар мұндай бағдарламалардың бар екенін біледі, сонымен бірге сауалнамаға қатысқандардың 19% - жауапқа күмәнданады және бұл туралы білмейді, 81% – жуығы ұйым басшылығы білім беру процесі, ҒЗЖ, клиникалық жұмыс бойынша сұрақтарға қатысты оқытушыларды тыңдайтынын атап өтті, кейде нұсқасын -4,8% таңдады, 14,3% сұраққа жауап берген жоқ.

